



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМАЛАР

27 қыркүйек 2016 г.

Қазақстанда ағымдағы жылдың 8 айында шағын бизнесті кредиттеудің үштен бірінен аса өсті – ҚР Ұлттық Банкі

Тамыздың соңында банктердің экономикаға кредиттерінің көлемі 2016 жылдың басындағы деңгейде сақталды және 12,7 трлн. теңгені құрады. Кредиттік портфельдің өңдеуші өнеркәсіпте 86 млрд. теңгеге, ауылшаруашылығында 80,2 млрд. теңгеге, құрылыс саласында 31,4 млрд. теңгеге өсуі байқалды. Экономикаға берілген барлық кредиттің құрылымында 83%-ды 1 жылдан астам мерзімге берілген кредиттер құрайды. Бұл туралы ҚР Үкіметінің отырысында сөйлеген сөзінде ҚР ҰБ Төрағасы Д.Ақышев хабарлады.

Оның айтуынша, шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2016 жылғы 8 айда 2,8 трлн. теңгеге дейін 728 млрд. теңгеге немесе 35%-ға ұлғайды.

Ұлттық Банк басшысы кредиттеудің кеңеюіне базалық мөлшерлемені 17%-дан 13%-ға дейін төмендету және ақша нарығындағы ресурстардың құнын тиісінше тұрақтандыру ықпал ететінін атап өтті. «Біз банктердің кредиттік портфелінің одан әрі өсуін, оның ішінде ағымдағы жылы өсуін күтеміз», – деп нақтылады ол.

Д.Ақышев – МБҚ-ның ағымдағы кірістілік қисығы туралы

Ағымдағы жылы Ұлттық Банк дұрыс кірістілік қисығын қалыптастыру жұмысын белсенді жүргізуде. Бұл туралы бүгін ҚР Үкіметінің отырысында сөйлеген сөзінде ҚР ҰБ Төрағасы Д.Ақышев хабарлады.

«Кірістілік қисығы ішкі және сыртқы инвесторлар үшін қарыз алудың құны мәселесі бойынша ақпараттың дереккөзі болып, кәсіби қатысушылардың күтулерін бағалау мәселесінде белгі болып табылады», – деді ол.

Ұлттық Банк басшысының айтуынша, «МБҚ-ның ағымдағы кірістілік қисығы нарықтың пайыздық мөлшерлемелердің одан әрі төмендеуі жөніндегі күтілерін көрсетеді, бұл инфляциялық процестердің баяулауына қарай нақты экономиканы кредиттеуді ұлғайтудың және ұзақмерзімді кредиттік белсенділікті қалпына келтірудің алғышарттарын құрайтын болады».

«Жалпы алғанда, Ұлттық Банктің ағымдағы жағдайды қадағалап отыратынын, әлеуетті тәуекелдерді толықтай түсінетінін және экономиканың ұзақмерзімді тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін ақша-кредит саясатына сәйкес шаралар қабылдайтынын атап өткім келеді», – деп қорытындылады Д.Ақышев.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

+7 (727) 2704 697

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz